

ӘОЖ 94

**XX ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ МАҢҒЫСТАУДЫҢ
ТАРИХИ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

Нұрболатова Алуа Нұрланқызы

nurbolatova_alua@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Кушенова Г.И.

Еліміз өз тәуелсіздігін алған соң ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, тарихымызды және оның ажырамас бөлігі есептелетін киелі ескерткіштерді зерттеу, кейбірін қайта қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізілді. Ресей патшалығы және Кеңес Одағы

кезеңінде зерттелген, сондай-ақ зерттелмеген ескерткіштер де қайта тіркеуге алынып, ұлттық негізде зерделене бастады.

Бүгінде өзекті тақырыптардың бірі өлкетану бағыты болып табылады. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында туған жер тарихын зерттеудің маңыздылығына тоқталды. Автор: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез-келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады» дей келе «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алынуы тиіс деп айтты. «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Туған өлке тарихын зерттеу арқылы «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы іске асырылады. Тұңғыш Президент бастамасы негізінде Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі жасалынады. Н.Ә. Назарбаевтың «Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» [1] деген болатын. Енді міне өлкетану бағытындағы жаңа тақырыптар мен ғылыми құнды мәліметтер анықталуда.

Қазіргі кезде Маңғыстауда киелі деп саналатын жерлер өте көп. Яғни он бір мыңнан аса тарихи ескерткіш зертеліп, маңызды нысан ретінде мемлекеттің қорғауына алынған. Оның ішіне археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражайлар, халық киелі санайтын мешіттер кіреді. Бірақ, өлке және оған көрші орналасқан аймақтардағы қасиетті де киелі саналатын жерлерді, орындар мен нысандардың нақты санын ешкім айтып бере алмайды. Бәріміз білетін Бекет атаның Оғланды, Бейнеу, Жем бойындағы, Баялыдағы жер асты мешіттері, Шопан атаның жер асты мешіті, Сисем ата қорымы, Шақпақ ата қорымы туралы ақпараттар көп кездеседі. Ал, басқа мәдени-тарихи ескерткіштер туралы мәліметтер, әулиелер туралы жазбалар, көз көрген, құлақ естіген оқиғалар жергілікті халықтың жазба естеліктерінде сақталуы әбден мүмкін.

Маңғыстаудың киелі тарихи ескерткіштерін көпжылдық археологиялық зерттеу жұмыстары ертеде қалыптасқан қоныстар мен басқа да ескерткіштерді сипаттау үшін археологтардың негізгі назары жекелеген қалашықтар мен керуендердің стратиграфиясын, топографиясын және хронологиясын анықтауға бағытталды.

Археологиялық олжалар көне дәуірде Маңғыстау бойынша Ұлы Жібек жолы ежелгі Хорезмнен Хазарияға, Еділ Бұлғарияға, Персияға өткенін растайды. Мыңдаған түйелер бар керуен жолында көптеген керуен-сарайлары орналасқан және өмір қайнаған. Өлкенің сәулет ескерткіштері мейлінше мол және әр алуандығымен ерекшеленеді. Қорғандар, қорымдар, жеке күмбездер біртұтас жүйеде дәстүрлі халық сәулет өнерін құрайды. Олар әр дәуірдің тарихы мен мәдениетін баян етеді. Өлкеге адайлардың қоныстауымен байланысты ескерткіштер жаңа сипат алады. Тастардың түрлі өрнектермен қашалуынан, ою-өрнектердің әр түрлілігінен адай сәулетшілерінің шеберлігін байқауға болады [2].

Ескерткіштерді тарихи тұрғыдан түсіндіру, олардың хронологиясын нақтылау бір жағынан егіншілік, қолөнер дамыған Хорезм аумағымен, екінші жағынан көшпелі дала мен Шығыс Еуропа мемлекеттері арасында тұрақты экономикалық байланыстарды түсіну туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Зерттелген ескерткіштердің көп бөлігі X ғасырда пайда болған, бірақ XIII-XIV ғасырларда жұмыс істеуін жалғастырған Хорезмнен Оңтүстік-Шығыс Еуропаға дейінгі жолдарда орналасқан сауда жұмыстарын жүргізуге арналған орындар болып табылады.

Маңғыстауда киелі де тарихи ескерткіштерді зерттеу ерте замандардан жүргізілген болсада, жүйелі түрдегі жұмыстар XVII ғасырдың аяғында Ресей патшалығының Орта Азияға белсенді экономикалық және саяси енуімен қатар басталды десек қателеспейміз.

XVIII-XIX ғасырларда империяның Орта Азияның нарығына қызығушылығының артуы өлкедегі хандықтардың саяси және экономикалық жағдайын, Орта Азияның өлкесімен байланысты керуен жолдар, оның ішінде су жолдарын және т.б. ғылыми зерттеудің басталуымен қатар жүрді.

А.Бекович-Черкасский және оның көмекшілері құрастырған карталарда 1732 жылы Үстірт арқылы Хиуаға жіберілген И.Гербер бастаған сауда миссиясы өңірде үш қаланың қираған орындарын атап өткен. Аталған орындар П.И.Рычковтың «Топография Оренбургская» кітабына енгізілген. Кітапта Орта Азиядан Шығыс және батыс аймақтарға дейінгі керуен жолдары, Маңғыстау өңірі, көршілес орналасқан Сарайшық, Бокачи, Учкан, Чурук, Белеули сияқты киелі тарихи ескерткіштер сипатталған [3].

Маңғыстауда қалашықтар туралы жалпы мәліметтер келтіріледі. Қазіргі уақытта аймақта ортағасырлық жеті елді мекеннің қалдықтары белгілі. Солардың бірі Ақмыш жерінде, Шерқала тауының маңында орналасқан. Қалашықтың жергілікті атауы – Қызылқала. Қала көптеген бекіністермен қоршалған периметрдің айналасында бекіністің қалдықтарынан тұрады. Бекіністер ені 2 метрге жуық қарапас түріндегі жаппай тастың қалдықтарымен бекітіліп, кейбір орындарында биіктігі 3 метрге дейін барады. Қалашықтың орналасуымен байланысты мәліметтерді зерделей отырып, ауданын 70 гектардың айналасы деп есептеуге болады.

Өткен ғасырлардағы археологиялық зерттеулер барысында қалашық аумағында 100-ден астам құрылыс тіркелген, екі усадьбалы құрылыстың іргетасы (толық емес), жер үсті құрылыстарының (шамамен кесенелердің) қатты бұзылған негіздерінің арасында 8 адамның мұсылман дәстүрімен жерленген орындары және үш қыш пешінің орындары табылған. Л.Л.Галкиннің зерттеулерінің қорытындысы бойынша қалашық X-XII ғасырларда қалыптасып, өмір сүрген [2].

XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының орталық Азия аумақтарына қызығушылық танытуы Маңғыстау облысында айналып өтпеді. Өлкеге бірқатар экспедициялар ұйымдастырылды. Экспедициялардың негізгі мақсаты отарлаумен болғанымен, ежелгі тарихи естекеркіштерді үйренуде де маңызы үлкен болды. Бекович-Черкасскийден бастап кейінгі экспедициялардың құрамында болған М.Травин (1717), Ф.И.Саймонов (1719-1720), Т.Вудруф (1745), А.И.Нечаев (1760), И.А.Гильценштед (1776), М.И.Войнович (1781-1782), Л.И.Голеницева-Кутузова (1800) [6] т.б. көптеген зерттеулер жүргізген. Кейбір деректерде осы зерттеушілердің өлкенің атлас картасын жасағаны туралы айтылады.

Өлкенің қазіргі таңдағы тарихи ескерткіштері өз кезеңінде керуен жолдарының үстінде орналасқан мықты бекініс орындары екендігі белгілі. Мұны археолог [Толстовтың](#) еңбектерінен көруге болады [4]. Ғалым «8 ғасырдың орта шеніндегі Хазар – Хорезм метрополиясының орталықтары» деген картада Итиль – Үргеніш керуен жолы Маңғыстаудағы Қарағانتүп түбегінің үстімен өтетіндігін келтірген. Мұның бәрі Маңғыстаудың В.В.Бартольд айтқандай, 10 ғасырға дейін сауда жолынан тысқары жатпағанын, қайта сонау 8 ғасырдың өзінде маңызды сауда пункті болғандығын айғақтайды [5]. Толстовтың Хорезм өлкесіндегі археологиялық зерттеулерінің нәтижесінде, ежелгі Қаңға (Хорезм ерте кезде Каспийден Тянь-Шаньға дейін созылып жатқан Кангой (Қаңға) мемлекетінің қол астына қараған) мәдениеті сонау б.з.б. 4-б.з. 1 ғасырларға дейінгі Қара теңізі жағалауындағы елдерге де елеулі ықпал еткені айқындалып отыр. Маңғыстау ол тұстағы мәдени, сауда байланыстарынан тыс қалмағаны сөзіміздің айқын дәлелі есептелінеді [6].

Маңғыстау облысының Ресейге қосылуының бастапқы және екінші кезеңіндегі маршруттық және арнайы тарихи зерттеулеріне ресей зерттеушілерінің еңбектерін жатқызуға болады.

Полковник Ф.Ф. Берг басқарған орыстың ғылыми экспедициясы 1825-1826 жылдары Үстіртті, сондай-ақ Маңғыстаудың кейбір жерлерін зерттеген. «... біз Үстірт пен көкжиекте көрініп тұрған Тұманды деп қате аталған тауларды көрдік. Олар алыста сәлде болса тегіс

емес жері жоқ, өткір ұшсыз және қыратсыз жазылған қара қабырғаға ұқсап солға, оңға қарай созылып жатыр. Біз әуелі Үстіртті анық көрдік, бірақ біраздан соң одан кейін шыққан етегіндегі күнді көрдік, олар мен біздің арамызда оның негізін бұлтпен жапқан қалың ақ тұман түсті, тек қана тегіс қыраттың жоғары бөлігі ауаға қалқып бара жатқандай болды; одан кейін тұман жаймен жоғары қарай көтеріліп, күннің ерте сәулесіндегі көгілдір Үстірт біздің көз алдымыздан ғайып болды. Мұндай шыдамсыздықпен және көптен күткен тау тізбесі біз үшін қуанышты оқиға болды және оны жасыру үшін бір түрлі түсініксіз және жұмбақ сияқты болды. Біз болашақты алыс түсініксіз күйде көргендей боп қалдық та, олар болашақ сияқты тұманның астына жасырынып қалғандай», - деп экспедицияға қатысушы, XIX ғасырдың белгілі ғалымы Э.А.Эверсман өзінің Үстіртпен алғашқы кездесуін поэтикалық тілмен осылайша баяндайды [2].

Осы кезеңдегі Маңғыстауды алғаш зерттеушілердің бірі – Г.С. Карелин болды. Ол 1832 жылы «Каспийдің солтүстік-шығыс алқабын зерттеген экспедицияны басқарып, оны алғаш рет картаға түсіреді. «Патша өкіметі Каспий теңізінің батыс бетіндегі Кавказ, Астрахань қалаларын кемемен келетін әскерге қажет азық-түлік сақтайтын қолайлы жер тауып, қамал салу үшін белгілі саяхатшы, табиғат зерттеушісі Г.С. Карелинді 1832 жылы Маңғыстауға жұмсаған» болатын [3].

Өлкені аралаған 1846 жылы «Маңғышлақ түбегіне сапар» атты еңбегінің авторы М.И.Иванин еді. Аталған еңбегінде өлкенің тарихына тоқталып, күмбездер, қолдан ойылып, бедерлеп салынған суреттер, Шерқала тауының етегіндегі тас қамал және т.б. туралы құнды пікірлер айтқан [2].

Мәселен, қолдан ойылып, бедерлеп салынған суреттер туралы былай деп жазады: «Мұнда тасқа қашалған жазуы бар құлпытастар көп кездеседі. Таңбаларды оқитын ғалымдар, сөз жоқ, бұл өлкенің өткені туралы мол мағлұмат табары анық. Көптеген құлпытастарда сөзден басқа қылыш, мылтық, тапанша сияқты жерленгендердің тірісіндегі кәсіптерін көрсететін заттардың да суреті қашалған. Ендігі бір қорымда жолбарысты қуып келе жатқан екі иті бар салт атты бейнеленген ... Ауқаттылардың моласы жабайы қойдың мүйізі, сүйектермен жабылған» [3].

Шерқала тауы туралы: «Шерқала құзы – құмдақтан тұратын және шеңбері шақырымға жуық тік жартастас; оған шығу үшін баспалдақтар жасалған; етегінде тас бекініс бар; үстінде тұрғын жай іздері мен құдық болған терең шұқыр бар» [2] деген мәліметтер кездеседі. Бұдан басқа өлкедегі Ақтау, Қаратау, Отпан, Қаратаушық таулары және Бөрлі, Сарықұдық, Үдік, Ащыбас, Боржақлы, Торты, Қалың-Арбат, Құм шыңырауы, Кертті құдықтары, Ақмыш бұлағы, Сиырсу көзі, Бұлақ, Қаракөл тұзды көлдері туралы деректер келтіреді. Қаратаудан тұщы сулы бұлақтардың көп ағатынын, оларды қазақтар егінге жіберіп, жүгері, тары, бидай егетінін айтады.

1870-жылдары Н.П.Ломакиннің зерттеулері де үлкен маңызға ие болды. Зерттеушінің жинаған мәліметтері Маңғышлақтың су көздерінің тізімін жасаған комиссия жұмысына пайдаланылған [4].

Өз зерттеулерінде Н.П.Ломакин керуен жолдары мен сол орындардағы киелі орындар туралы маңызды мәлімет келтірген. Жол бар жерде ел бар, ел бар жерде тарих бар деген сияқты, шығыс пен батыстың алтын көпіріндей болған Ұлы жібек жолының екі тармағы бір кездері қазіргі Маңғыстау облысының үстімен өткен.

Маңғыстаудың көрікті жерлері мен тарихи ескерткіштерінің суреттерін салып, зерттеу жүргізген Б.Залесский мен Т.Шевченко болды. Олар XIX ғасырдың 50-жылдарында Маңғыстауда сүргінде болған. Б.Залесский қуғыннан оралған соң Парижде суретті альбом кітабын жарыққа шығарған. Онда еуропалықтардың ішінде алғашқы болып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы өңір халқының тұрмыс тіршілігі, этнографиясы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен бірге, табиғи ерекшелікте, соның ішінде киелі орындар мен ескерткіштерді де шынайы түрде бейнелеген. Ол Айрақты тауы, Қаңғабаба, Шерқала, Ақтау, Дольяпа мазары, Новопетровск шығанағы, Маңғыстау жыралары, Борлы таулары туралы кең мәлімет берген. Өз жазба деректерінде Шерқала туралы: «Шерқаланың сыртқы алып

тұлғасы Рим пантеонына, болмаса сол сияқты ерте дәуірдегі атақты бір ескерткішке ұқсайтынына баса мән берген. Оған жақын келіп, бор кесектеріне түсірілген тіс-тіс ойындылар мен ғажайып ескерткіштерге толы алып құрылыстың қабырғалары мен ұшар басы ерекше мүсіндер мен тұйықталар алып бағаналардың сынықтарын көріп тұрғандай әсер аласың» деп сипаттаса, Борлы таулары туралы жоталарының әр тұсында керемет қалалар мен ғажайып сарайлардың құлағаннан қалғаны сияқты әртүрлі кесек жартастар жатады [7]. Қызғылт түсті шатыры бар аспақ бағандарды көргенде, жасыл өсімдіктері ғана жоқ дегені болмаса, үндінің храмдарын көріп жүргендей боласың деп өз суреттеулерін келтіріп өткен.

Қорыта айтқанда Маңғыстаудың киелі тарихи ескерткіштерінің XX ғасырға дейін де үлкен қызығушылықпен зерттелді. Бұл зерттеулер қазіргі кезеңде Маңғыстаудағы тарихи-мәдени ескерткіштерді толыққанды зерделеуге алғышарт болып табылады.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. № 70 (29051) 12 сәуір, 2017 ж.
2. Астафьев А.Е. Памятники тюлузской культуры на полуострове Мангышлак. // Вопросы археологии Западного Казахстана. Самара, 1996. – С. 30-45.
3. Шалабаев С., Өмірбаев Е., Сыдиқов Қ. Маңғыстау. – Алматы: «Қазақстан», 1973. -220 б
4. Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы. Сәрдар баспасы 2008 жыл. 630 бет
5. Бартольд В.В. Мангышлак // Сочинения. – в 9-ти томах. – М.: Наука, 1965. – Т.3. – 711 с.
6. Астафьев А.Е. Оюклинская неолитическая культура полуострова Мангышлак // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – Уральск, 2005. – Вып. 4. – С. 103-146
7. Медоев А.Г. Наскальные изображения у гора Айрақты на полуострове Мангышлак // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. – Алма-ата, 1969. – С. 146-152